



Салық төлеушілер назарына!

3-бет



“Бірлігіміз жарасқан, Мәңгілік ел Қазақстан!”

4-бет



Жолаушы тасымалы саласындағы түйткілдер

8-бет

Аудан тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 14 (523) ЖҰМА, 13 ақпан 2015 жыл

ФРАНЦИЯ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ШҚО КЕЛДІ



ШҚО әкімі Даниал Ахметов Францияның Алматыдағы Бас консулы Патрик Ренар бастап келген француз делегациясымен кездесу өткізді, деп хабарлайды ШҚО Ақпараттық орталығы.

Кездесу барысында меймандарға Шығыс Қазақстанның туристік әлеуеті таныстырылды. Д. Ахметов ШҚО жан-жақты өнеркәсіптік және аграрлық саладағы аймақтың жетістігін айта отырып, серіктестікті нығайтудың маңыздылығына тоқталды. «ШҚО өнеркәсіптік және аграрлық секторда үлкен әлеуетке ие. Әлемде өндірілетін титанның 17 %-ы ШҚО тиесілі. Атомдық энергетиканы жолға қоюда бірқатар ірі жобалар бар. Сондықтан, екі елдің серіктестігін нығайту арқылы нәтижелі жұмыс жүргізуге толық мүмкіндігіміз бар», – деді Д.Ахметов.

Кездесуде сондай-ақ, ШҚО мен Лион қаласының екіжақты серіктестігін дамыту мәселесі талқыланды.

Бағдарлама бойынша Франция делегациясы 8-10 ақпан аралығында Риддер қаласы мен Глубокое ауданын аралап, ШҚО шаңғы демалыс базалары баруы жоспарланған. Сонымен қатар, меймандар А.С.Пушкин кітапханасына барып, француз оқырмандар залында франкфондармен кездесу өткізбек.

БАҚ беттерінен

ХАЛЫҚ КӨКЕЙІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР САРАЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығына сәйкес, барлық деңгейдегі атқарушы органдар жыл сайын атқарылған жұмыстар туралы халық алдында есеп береді. Ақпан айының 6 жұлдызы күні ШҚО әкімінің орынбасары Д. Гаригов Бородулиха ауданының әкімі Г. Акуловтың Бородулиха ауданының 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен 2015 жылға қойылған міндеттер бойынша халық алдындағы есеп беруіне қатысты. Өткен аптада аудан орталығындағы Мәдениет үйінде Бородулиха ауданының әкімі Григорий Иосифович Акуловтың аудан тұрғындары алдында ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы есепті кездесуі өтті. Кездесуге Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Гаригов Димитрий Александрович, облыстық мәслихаттың депутаты Е. Зайтенов, аудандық мәслихат хатшысы Майжанов Уалихан Төкенұлы, аудан әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдарының басшылары, аудандық мәслихаттың депутаттары, аудандық мекемелер мен ұйымдардың басшылары, ардагерлер, бизнес пен шаруашылық өкілдері, қоғамдық ұйымдарының басшылары, жастар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Кездесуді округ әкімі К. Бичуинов ашып, сөз кезегін аудан әкіміне берді. Аудан басшысы Григорий Иосифович Акулов Бородулиха ауданының 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен 2015 жылға қойылған міндеттер бойынша атқарылған жұмыстарына тоқталып, келешекте ауданның дамуы мен нақтылы мәселелерін атап өтті. Осы тұрғыда аудан басшысы алдағы уақытта атқарылуы тиіс ауқымды міндеттерге жеке-жеке тоқталып, оны жүзеге асырудың жолдарын атап көрсетті. Өткен жылдары Бородулиха ауданы мен ауданының орталығында талай игілікті шаралар атқарылып көгалдандыру мен көркейту жұмыстары тыңғылықты орындар тапты. Атап айтсақ, соңғы жылдары аудан орталығында демалыс саябағы мен балаларға арналған шағын футбол алаңы ашылып, орталық көшелерге су құбырлары мен электр шамдары орнатылып, сауда нысандары салынып, көптен күткен 5 қабатты үйге жөндеу жұмыстары жүргізіліп



жатыр. Кездесуде орталықтағы келелі мәселелерді көтерген тұрғындар тарапынан атап айтқанда: Бородулиха ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауылдың ақсақалдары мен карт адамдардың атынан Ж.Аргимбаева соңғы жылдары ауданымызда аудан басшысы Г.Акуловтың басшылығымен бірталай жұмыстардың атқарылып жатқандығын айта келе, биылғы Жеңістің 70 жылдығына орай «Жеңіс саябағына» күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, деген өз сауалын жолдаса, Бородулиха ауданының тұрғыны Л.Гринвальд аудан орталығының жылдан-жылға көркейіп келе жатқандығын тілге тиек ете отырып, су берілуінің кейбір келеңсіздіктерін айтты, ал, Бородулиха ауылының тұрғыны, ұстаз С.Кошалаков, Қазақ орта мектебінің жанына аллея ашылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілсе, болашақ жастар мен ауыл тұрғындары үшін де игілікті іс болар еді деген сауалын жолдаса, лесхоздық Е. Яновская оншақты жыл айтылып жүрген Бородулиха мен лесхозды жалғастырып жатқан жолға қашан күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетінін көтеріп, өз сауалдарын жолдап тиісті сұрақтар бойынша жауаптар алды.

(жалғасы 2-ші бетте)

БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ САЛТАНАТЫ



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2015 жыл - Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланды. Сондықтан да Қазақстанның барлық жерлерінде ақпан айының 6 жұлдызында сағат 11-де «Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының старты» деген синхронды-акциясы бойынша арнайы старт берілді. Осыған орай өткен аптада Бородулиха ауданының Достық үйінде Ассамблея жылының

бастау алуы синхрон-акциясын атап өту барысында аудан орталығының барлық ұлт өкілдері, аудан тұрғындары, мекеме қызметкерлері, жастардың қатысуымен салтанатты мереке өткізілді.

Осы салтанатты іс-шараға арнайы ат басын бұрған ШҚО әкімінің орынбасары Д.Гаригов, Бородулиха ауданының әкімі Г.Акулов, аудандық мәслихат хатшысы У.Майжанов, аудан әкімінің орынбасары Р. Атаева, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы М. Асавбаева қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Д. Гаригов ауданымыздың тұрғындарын салтанатты мерекемен шын жүректен құттықтап, биыл елімізде бірқатар айшықты мерейтойлар өтетінін, оның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының 20 жылдық мерейтойы, еліміздегі 130-дан астам ұлт пен этностардың қасиетті мекені – баға жетпес қазынамыз бірлік пен татулықты қастерлеу әрбір қазақстандықтың қасиетті парызы екендігін атап айтты. Сонымен қатар, 2015 жыл – біздің Отанымыз үшін тарихи белестерімізді атап өту жылы, оның ішінде: Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, А.Құнанбаевтың 170 жылдығын атап өткелі отырғанымызды түсіндіріп, мемлекетіміздің тұрақтылығы мен бірлігіміздің мызғымас беріктігін жиналғандарға жеткізді. Осы құттықтау сөзден кейін сөз алған аудан әкімі Г.Акулов, аудандық мәслихаттың хатшысы У.Майжанов, Достық үйінің директоры А.Шпилюкина, биыл еліміздегі бейбітшілік пен ынтымақтың алтын арқауына айналған Ассамблеяның 20 жыл толуымен және бүгінгі старттың ашылуымен көпшілікті құттықтап, сөз сөйледі.

Кез-келген ел үшін – татулық, бірлік, келісім – ең асыл, қастерлі



жақсылықтар мен абыройлы жетістіктер әкелсін.. Егеменді еліміздің ертені арайлы, тыныштық пен татулық мәңгілік орнасын. Айтулы мереке соңы аудандық Достық үйі мен Мәдениет үйінің әртістері, шығармашылық ұйымдарының көркемөнерпаздар ұжымының концерттік бағдарламасына ұласты. Бағдарламада қазақ, орыс, неміс, украин, белорус тілдерінде ән шырқалып, әр халықтың ұлттық билері орындалды.

М. БАЛАБАЙҚЫЗЫ, Т.МҰХАМЕТХАНҰЛЫ

ХАЛЫҚ КӨКЕЙІНДІГІ МӘСЕЛЕЛЕР САРАЛАҢДЫ

(Басы 1-ші бетте)

Аудан орталығы болған соң аудандағы барлық елді мекендегі тұрғындар көптеген жұмыстар мен құжаттарды реттеу, түбегейлі мәселелерін шешу үшін Бородулихаға жол тартады. Өйткені, әртүрлі құзырлы мекемелер осында орналасқан. Негізгі сұрақтар су құбырларын тарту, ауылшілік жолдарды жөндеу, әлеуметтік мәселе, демалыс орындарын ретке келтіру болса, болашақта әлі де істелетін жұмыстар жеткілікті. Осы әлеуметтік сипаттағы сауалдарға аудан басшысы айтылған мәселелер 2015-2017 жылғы жоспарға сәйкес арнайы көгалдандыру Бағдарламасына енгізілгенін айтып, ондымды жауаптар берді. Қойылған сауалдарға егжей-тегжейлі жауап берген аудан басшысы әр саладағы жеткен жетістіктер мен кемшіліктерді назарға ұстап тұру, оны заман көшінен қалмай дамыту әлі де болса алдыға үлкен міндеттер қоюды талап ететінін айтты. Бородулиха ауданының тұрғындары аудан әкімінің атқарған жұмысына көңілі толатындықтарын жеткізді. Әрине, былтырғы жылғы рейтингтің қорытындысы бойынша облыста аудан көрсеткіші төменгі орындарды иеленген. Бұл біздің аудан үшін үлкен сын. Ендігі біздің басты мақсатымыз алдымызда тұрған өзекті мәселелерді шеше отырып, ауданымыздың одан әрі көркеюі, экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында аянбай еңбек ете беруімізді талап етеді. Осы жайында қорытынды сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары, осы өңірдің тумасы Д. Гаригов барлығына қарата, ауданымыз аграрлы бай өлке, жер де, су да, жайылымдық жер де бар. Ауа-райы да қолайлы. Енді тек тер төгіп, еңбек ету керектігін тілге тиек етті. Бородулиха ауданының жағдайы, әлеуметтік-экономикалық дамуы жыл өткен сайын жақсарып келеді. Оған ауданда іске қосылып жатқан әлеуметтік нысандар, жүргізіліп жатқан құрылыстар дәлел. Әрине нарық заманында барлығына байыппен қарап, Ең бастысы, бірлесе еңбе етсек алынбайтын қамал жоқ. Аудандағы халықтың тұрмыс жағдайы, әл-ауқаты жылдан-жылға жақсарып келеді. Осы азаматтық парызымызды орындау жолында ынтымақтаса отырып, береке-бірлікпен ортақ ісімізге бір кісідей ат салысуға, ауданның дамуына бородулихалықтардың өз үлестерін қосатындарына сенім білдірді. Мемлекеттің, ауылдың жағдайын көтеруге бағытталған «Жол картасы-2020», «Даму», «Сыбаға», «Жайлау» бағдарламалары жұмыс істеуде. Бұл еңбек етем деген әрбір адамға тиімді. Қаншама жұмыс орындары



ашылады. Сонымен қатар, облыс басшысы тапсырған сүт өнімдерінің пункттерін көбейтуді қадап айтты. Олар ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Ол әкімдер мен басшыларға барлық сала бойынша бірлесе еңбек етуді тапсырды. Қойылған сұрақтар, айтылған пікірлер біз үшін өте маңызды, және де олар міндетті түрде басшылықтың бақылауында болары сөзсіз.

М.АТАЕВА

“Жас – батыр” әскери спорттық сайысы

Петропавловка ауылының Т.Аманов атындағы орта мектебінде Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына орай “Жас – батыр” әскери спорттық сайысы өтті. Жарысқа Зубаир орта мектебінің оқушылары мен Т.Аманов атындағы орта мектебінің оқушылары қатысты. Жарыстың басы Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталды. Осы жарыстың жүргізушісі Аяулы Бохариева сөз кезегін мектеп директоры Полякова Людмила Юрьевна, мектебіміздің ардагері Лавренов Александр Яковлевич, география пәнінің мұғалімі Жанабаев Шәкәрім Нағашбайұлы, мектебіміздің медбикесі Ақчибаева Шолпан Құмарқызы, Зубаир орта мектебінің Алғашқы Әскери дайындық мұғалімі Төлеуханұлы Дәулет Сүлейменовтерге берді. Құттықтау



сөз бен жылы лебізден кейін мектептің оқушыларының концерттік бағдарламасы жалғасын тапты. Мектеп оқушысы Бекжан Темкенов, Алина Мининалар және жоғарғы сынып оқушылары өз өнерлерін көрсетті, ән шырық би билеп көрермендерді бір қуанып тастады. Жарыстың басы жереби тастаумен басталды. Т.Аманов атындағы орта мектебінің намысын қорғағандар 10-шы сынып оқушылары Жандос Нұрсағатов, Айбек Егінбаев, Александр Андрейцов, 8-сынып оқушысы Павел Панков, 9-сынып оқушысы Виктория Ясавина, 11 сынып оқушысы Эвелина Ақчибаевалар жарыста өздерінің барлық күш ынта жігерлерін берді. “Жас-батыр” әскери спорттық сайысы 8- кезеңнен тұрды: 1. саптық дайындық; 2. қару-жарақ шашу; 3. кермеде тартылу; 4. матада жатып белін көтеру, қыздар арасында; 5. отжимания жасау ұлдар арасында; 6. газ тұмалдырғыш және зембилмен жүгіру; 7. Гір көтеру; 8. Арқан тартысы, жарыс ереже бойынша әділ өтті. Жарыстың қазылар алқасы Лавренов Александр Яковлевич, Полякова Людмила Юрьевна, Жанабаев Шәкәрім Нағашбайұлы, медбике Құмарқызы Шолпан Ақчибаевалар жарыстың әділ бағасын беріп, 9-шы сынып оқушысы Виктория Ясавина матада жатып белін көтеруден 1 минут ішінде 43 рет жасап, I-орынға ие болды, II-орынға ие болған 11-ші сынып оқушысы Эвелина Ақчибаева. Қорытындысына келсек жалпы сан бойынша 28 ұпай жинаған Зубир орта мектебінің оқушылары I-орынға ие болса, II-орынды Т.Аманов атындағы орта мектебі алды. Жарыс өте тартысты да қызықты өтті.

С.САБЫРЖАНОВА, Т.Аманова орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ

Елбасымыз Н.Назарбаевтың жарлығымен жергілікті атқарушы органдардың әкімі жыл сайын халық алдында есеп беруді үрдіске айналдырды. Осы үрдіспен Бородулиха ауданының әкімі Г.Акулов аудан халқы алдында есеп беру үшін Таврия, Ленин, Краснояр ауылдық округтеріне барды. Ең бірінші Таврия ауылдық округіне ат басын тіреп, округ тұрғындарымен кездесті. Бұл кездесу Буркотово ауылының мектебінде өтті. Кездесу басында Таврия ауылдық округінің әкімі Г.Лазарев 2014 жылғы атқарылған жұмыстармен және 2015 жылға арналған жоспарлармен таныстырды. Кездесуге аудандық мәслихат хатшысы У.Майжанов, аудан әкім аппаратының басшысы С.Лазурин, аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Р.Рамазанов, аудандық мәслихат депутаты С.Быков, білім беру бөлімінің басшысы Н.Көкшебаевалар қатысты.

Округ тұрғындары ауыл әкімі Г.Лазаревке ауылға кезекші elektrik бөлу, көшелерді жарықтандыру, жол жөндеу, Сахновка ауылында интернет байланыс жылдамдығының төмендігі туралы сұрақтар қойып, оларға жауаптар алды.

Осы есептен кейін аудан әкімі Г.Акулов өткен жылы атқарылған жұмыстар мен қол жеткізген жетістіктер жөнінде баяндап, 2015 жылы алға қойылған міндеттерді жария етті. Аудан әкімінің есебінен кейін



аудан әкімі Г.Акулов бұл мәселе шешімін табатындығын жеткізді. Округ халқы баяндаманы тыңдап, ауыл және аудан басшыларының жұмысын қанағаттандырылған деп таныды.

Таврия округінен кейін аудан әкімі Ленин ауылдық округіне барды. Ленин ауылдық округіндегі кездесу округ әкімі М.Нұркешевтің халық алдында есеп беру баянамасымен басталды. Одан кейін аудан әкімі Г.Акулов ауданның 2014 жылғы

мақсаттарды баяндап берді. Есептер аяқталған соң тұрғындар көкейлерінде жүрген сұрақтар қойып, судың ай сайынғы бағасының қымбаттауы, ауылшаруашылығын дамытуға берілетін несиелер, ХҚКО-ның ауылдарға шығуын жиілету, ауыл тұрғындарындағы жекешелендірілген чектері мен купондары туралы сұрақтар қойды. Қойылған барлық сұрақтарға тиісті жауаптар алған ауыл тұрғындары әкімнің істеген жұмысын қанағаттанарлық деп таныды. Сол күнгі ең соңғы кездесу Краснояр ауылдық округінде өтті. Ауылдық клубта өткен жиынды округ әкімі Л.Жұбанова бастап, халық алдында өткен жылы атқарылған жұмыстары туралы баяндама жасады. Одан кейін аудан әкімі Г.Акулов аудан дамуындағы жетістіктер мен алға қойылған жоспарларды таныстырды.

Ауыл тұрғындары Красный Яр ауылында тоқ желісі өте төмен екендігі туралы сұрақ қойды. Оған АЭС шебері осы жылы тоқ желісін ауыстыруға қаржы бөлінгендігін, жазда бүкіл тоқ желісі жаңартылатынын айтты. Кездесуге келгендер атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

Кездесу соңында аудан әкімі қатысушылардың барлығына алғыс айтып, ауыл тұрғындарына денсаулық, сәттілік және табыс тіледі.

Т.ҚАЛИБАЕВ



газеттердің нашар тасымалдануы туралы сұрақ қойылды. Бұл сұраққа

әлеуметтік-экономикалық дамуымен таныстырып, 2015 жылға қойылған

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетінің 31.01.2015 жылғы тапсырмасын орындау барысында Бородулиха ауданы бойынша Кіріс басқармасы жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестігі өкілдерінің қатысуымен 05.02.2015 жылдан бастап бақылау-кассалық машиналарының бар-жоқтығын, төлем карточкаларын қолдана отырып төлем жасауға арналған құралдарының (құрылғыларының) бар-жоқтығын анықтау мақсатында салық төлеушілерге тақырыптық (рейдтік) тексерістер жүргізуде.

Өткізілген тақырыптық (рейдтік) тексерістер барысында төлем карточкаларын қолдана отырып төлем жасауға арналған құралдардың (құрылғылардың) қолданылмау жағдайлары анықталды. Аталған заң бұзушылыққа жол берген салық төлеушілер ҚР ӘҚБК-нің 195-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бородулиха ауданы бойынша Мемлекеттік кіріс басқармасы



Біздің мемлекетімізде 2015 жыл Қазақстан Халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланған.

6 ақпан күні мемлекетіміздің барлық өңірлерінде аталған мерекеге арналған мерекелік іс-шаралар өткізілді. Біздің ауылда осындай мерекені атап өту іс-шаралары өткізілді. Мереке Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталды. Жүргізушілер Киров

Мереке мерейі



түсті қағаздардан ұлттық оюлар жасап шығарды.

Төртінші тур «Үй тапсырмасы» деп аталды. Ойынға қатысушылар қазақ халқының ұлттық дәстүрін көрсету керек болды. «Достық» командасының қатысушылары Ф.Рахимжанова, Ж.Рахимжанова, Т.Рахимжанов, Г.Карымсакова, мектеп оқушылары Р.Сытдыков, Д.Достовалова, ағылшын пәні мұғалімі Н.Кирдяевтардың қатысуымен «Балаға ат қою», «бесікке салу» салтын көрсетті, ал «Шаңырақ» командасының қатысушылары Г.Нұржанова, Г.Ахметжанова, В.Герасимова, мектеп оқушылары А.Цейстер «Тұсау кесер» салтын көрсетті.

Екі команда да жақсы деңгейде қатысып, барлық турлар қорытындысы бойынша «Шаңырақ» командасы жеңіске жетті.

Осы концертке ауылымыздың әнші қыздары Анжела Мамедова және кішкентай қызы Лейлаға қонақтар мен қатысушылар алдында тамаша ән сыйлағаны үшін алғыс білдіреміз.

Н.А.Шахова
Дмитриевка а/о
кітапханашысы

Үй сатамын

3 бөлмелі пәтер сатамын, 1 қабатта орналасқан. Жылу пешпен. (су құбыры тартылған, жер үчаскесі бар). Арзан. Аудандық әкімдіктің артында. Тел: 8777 293 9030

2 бөлмелі пәтер сатамын, 2 қабатта. Орталықта орналасқан. Жер үчаскесі бар, су құбыры тартылған. Бағасы 8000 ш.б. Тел: 8775 130 9797

ҚҰРМЕТТІ

САТЫПАЛУШЫЛАР!

Егер Сіз банк карточкасының иесі болып табыласыз, онда Сіз келесідей тауарларды және (немесе) қызметтердің құнын төлеу кезінде «Төлемдер және төлемдерді аудару туралы» ҚР Заңында айқындалған POS-терминалы арқылы қолма-қолсыз есеп айырысу құқығын пайдалануды талап етуге құқылысыз:

Сіздің назарыңызды аударамыз!

Сатушы POS-терминалы арқылы қолма-қол емес төлем жүргізуге құқылы.

Қолма-қол емес төлемді жүргізуден бас тарту – POS-терминалды қолдану **тәртібін бұзу** болып табылады және сатушыны әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеледі.

POS-терминал арқылы қолма-қол емес есеп айырысудан бас тартқан барлық фактілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарына хабарлаңыз.

ҚҰРМЕТТІ САТЫПАЛУШЫЛАР!

Егер Сіз тауарлар және (немесе) қызметтерді өткізу қызметіңізді жалпыға бірдей тәртіппен іске асыратын болсаңыз:

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі бар жерде банк карточкалары иелерінің талабы бойынша «Төлемдер және төлемдерді аудару туралы» ҚР Заңында айқындалғандай, **Сіз POS-терминалы арқылы қолма-қол емес төлем жүргізуге құқылысыз.**

Қолма-қол емес есеп айырысудан бас тарту – POS-терминалды қолдану **тәртібін бұзу** болып табылады және ӘТҚБ 194-195 баптарымен әкімшілік жауапкершілік көзделінген.

Кәсіпкерлерге салынатын айыппұл көлемі бір жыл ішінде қайталанған кезде **79 280-дан 198 200 теңгені** құрайды.

POS-терминал арқылы қолма-қол емес есеп айырысудан бас тартқан барлық фактілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарына хабарлаңыз.

АУДАНДЫҚ КІРІС БАСҚАРМАСЫ ХАБАРЛАЙДЫ!

ҚҰРМЕТТІ САТЫПАЛУШЫЛАР!

Сізбен сатып алынған тауарға көңіліңіз толмаған кезде Сіздің құқығыңызды және мүддеңізді қорғау кепілдігін қамтамасыз ету үшін, яғни:

Тауардың құнын төлеген соң, Салық кодексімен айқындалған тәртіпте Сіз одан **бақылау-касса машинасының чегін талап етуге құқылысыз.**

Сіздің назарыңызға!

Сізге сатушы бақылау-касса машинасының чегін беруге міндетті. Чекті беруден бас тартқан жағдайда – аталған факті бақылау-касса машинасын қолдану **тәртібін бұзу** болып табылады және сатушыны әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеліп соғады.

Бақылау-касса машинасының чегін бермеген жағдайда барлық фактілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарына хабарлаңыз.

ҚҰРМЕТТІ

САТЫПАЛУШЫЛАР!

Егер Сіз есепті бюджетке, төмендегідей: ЖК ретінде тіркелуге жатпайтын, жеке тұлға ретінде;

патент негізінде АСР қолдану арқылы қызметін іске асыратын ЖК; ашық сауда нарығы аймағында шағын бизнес субъектілері үшін АСР аясында;

шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР аясында жүзеге асырғанда, осыған аталған салық режимі таралатын болса, онда

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Қазақстан Республикасының аймағында ақша есебі міндетті түрде бақылау-касса машинасын қолдану арқылы жүргізіледі.

Сатып алушы тауардың құнын төлеген соң, Салық кодексімен айқындалған тәртіпте Сіз оған **бақылау-касса машинасының чегін беруге міндеттісіз.**

Чекті беруден бас тарту – бақылау-касса машинасын қолдану **тәртібін бұзу** болып табылады және ӘҚБК 284-бабымен әкімшілік жауапкершілік көзделінген.

Жеке кәсіпкерлерге салынатын айыппұл көлемі **29730-дан 99100 теңгені** құрайды.

Бақылау-касса машинасының чегін бермеген жағдайда барлық фактілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарына хабарлаңыз.

АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ



«КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ ӨТТІ ҒОЙ СОҒЫС»

(Басы өткен нөмірде)

Өйткені, кеңес үкіметі Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жартыай қоғамдарына қосылмады. Халықаралық келісімдерге қол қоймады. Сөйтіп, тұтқындағы өз азаматтарынан бас тартып, оларды тағдыр талқысына тастады. Сондықтан халықаралық ереже кеңес азаматтарына қолданылмайды. Бұл қоғамдар тұтқындағы кеңес азаматтарына қолдау көрсетпеді. Басқа елдің тұтқындары аталған қоғамдардың тұрақты бақылауында болды. Олар жақсы тұрғын жаймен, сапалы тамақпен, жуынатын сумен, дәрігерлік көмекпен қамтамасыз етілді. Себебі, Қызыл Крест өкілдері әр мемлекеттегі тұтқындардың жағдайын біліп тұруға, тіпті лагерьлерді тексеріп тұруға құқылы еді.

Тұтқында болған жау тылында қалған жауынгерлерге Партия қатігездік танытты. Аман-есен елге оралғандар болса, олар өмірінің соңына дейін қудалауға түсті. Осындай қудалау салдарынан біздің отандастарымыз да көп зардап шекті. Сөйтіп, соғыстың бар ауыртпалығын қарапайым сарбаздар мен офицерлер көтерді. Олар жан аямай соғысып, фашистік жүйені қиратты. Бүкіл әлемді құтқарды. Жауыздықтың ордасы Берлинді алды. Рейхстагқа ту тікті. Осы жерде Рақымжан Қошқарбаевті айтпай қала алмаймыз. Негізгі рейхстагқа алғаш кіргендер арасында қазақстандықтар көп болған екен. Алайда бұл ұзақ уақыт айтылмай келді. Тіпті, ту тіккен қазақ та мойындалмады. Ал, шындығына келсек, Рейхстагқа жеңіс



туын тіккен 674-ші атқыштар полкінің лейтенанты Рақымжан Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Григорий Булатов еді. Атақты кинорежиссер Роман Кармен 1949 жылы 8 мамырда «Комсомольская правда» газетіне сұхбат бергенде: «Менде Рейхстагтың шатырына ту тігіп жатқан ержүрек батырды бейнелейтін кадр сақталған», - деген екен. Сол суреттегі сарбаз – біздің Рақымжан Қошқарбаев. Алайда оның ерлігі тәуелсіздік алғаннан кейін («Халық қаһарманы» атағы берілген соң) ғана бағаланды.

Сөз соңында «Күндей күркіреп өткен соғыстың» біз біле бермейтін, бізге айтпаған немесе әдейі айтылмаған, әлі зерттелмеген құпиясы мен сыры, ашшы шындығы мен актандағы көп екенін, ал оны айту, жариялау бүгінгі толқын мен келер ұрпаққа аманат екенін баса айтамыз. Қаншама отандастарымыз опат болған соғысқа әлі сан ғасыр саяхат жасайтынымыз сөзсіз. Ел басына күн туған қиын-қыстау шақта қару алып, бейбітшілік үшін қан төккен, тылда жан аямай еңбек еткен аталарымыз бен апаларымыз қандай құрметке болса да лайық. «Келместің кесеміне мініп», ортамыздан кетіп жатқан асылдарымыздың ерлік істері ұрпақ үшін өнеге боп қала берері хақ.

А.ТЛЕУҒАЗИН

Жеңіс жаңғырығы

«Бірлігіміз жарасқан, Мәңгілік ел Қазақстан!»



2015 жылдың 6 ақпанында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығының басталуы аясында М.Әуезов атындағы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Бірлігіміз жарасқан, Мәңгілік ел Қазақстан!» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Өткізілген іс-шараға Новопокровка ауылдық этно мәдени бірлестіктерінен «Славянка» орыс этно мәдени бірлестігі және «Ляйсан» татар этно мәдени бірлестігі, «Ажар» қазақ мәдени

бірлестігі шақырылып, оқушылармен кездесу өткізілді. Қонақтар өз ойларымен бөлісіп өнерлерін көрсетті. Кездесуден оқушылар



ауылдық және аудандық этно мәдени бірлестіктер жөнінде үлкен мағлұмат алды.

Новопокровка ауылы
«М.Әуезов атындағы орта мектеп» КММ

ОТБАСЫ - ОТАНЫМЫЗДЫҢ ОШАҒЫ

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Н.Назарбаев

Көшпелі және рулық-тайпалық негізде құрылған халықтарда туыстық байланыстар қоғамдық қарым-қатынастың негізін қалайды. Рулас ағайын, туыс, жақын туыс, аталас, бір ата баласы, бір әке баласы арасында туыстық байланыстан туындайтын парыз бен қарыз міндеттер өте көп. Олар қазақтың ғұрыптық заң-салттарымен бекітілген.

Отбасында негізгі туыстық қатынас - ерлер жағымен есептелген. Сонымен қатар әйел жағымен де туыстық байланыстардың атаулары бар. Қыздан туған балаларды жиен деп атап, балалар үшін шешесінің туыстары нағашы, нағашы жұрт деп аталды. Қазақ салты бойынша жиенді ренжітуге болмайды, сұрағанын беріп, көңілін жықпауға тырысқан.

Жалпы алғанда, қазақтың туыстық қатынас атаулары 90-ға жетеді.

Көнекөз шежіреші қариялар бір атадан келесі атаның баласын, туыстық тармақтарды еш қиналмастан-ақ тарқақта береді. Осылайша тарихи оқиғалар, аңыз-әңгімелер атадан балаға жалғастырылады.

Туыстық жүйенің ең негізгі, бел ортасы – отбасы саналады. Барлық алыс-жақын туыстық – осы отбасыдан бастау алады.

Қазақ жанұясы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол - ата, әке, бала. Аталар мен апалар ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сый-құрметке бөленген. Өйткені, үлкенді сыйлауды қадір тұтқан қазақ салты бойынша көргені мен тұрмыста түйгені көп, тәжірибесі мол адамның сыйға бөленуі заңды құбылыс деп танылған. Үлкенді сыйлау, ақылын тыңдау көргенділік деп есептеледі.

Дәстүрлі қоғамда ата-апаның тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Ата-апалар жыр, дастан, ертегі айтып немере-шөберелерін рухани байытып, тәрбиелеп отырған.

Қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша тұңғыш немересін атасы мен апасы өз қолына алып, не-



мере ыстық болғандықтан балаларынан да артық көріп, тәрбиелеген. Тұңғыш немерелер ата-апасын өз әке-шешесіндей санап, туған әке-шешесін тек қана өскеннен кейін танып жатады. Кейде тұңғыш немересі кенже ұлының орнына, атасының қара шаңырағына ие болып та қалатын жәйт кездеседі. Әке - әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы үл тәрбиесінде әке мен апалардың орны ерекше.

Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен аталып, сыйлы да құрметті орын болған. Қара шаңырақ, үлкен үй деп атайтын әкенің үйіне болашақта кенже ұл ие болып, қарттарды бағып-қағатын, көне салт бүгінгі қазақ отбасыларында да сақталған. Ал үлкендері үйленіп үй болысымен еншілерін алып, бөлек шыққан. Жасы кіші болса да кенже иеленген үлкен үй басқа жасы үлкен туыстары үшін де қадірлі, қасиетті үй ретінде саналған.

Қазақ қоғамындағы әйелдердің орны жайлы

әңгімелегенде, Орта Азияны мекендеген басқа халықтардың әйелдерімен салыстырғанда қазақ қыздары мен әйелдерінің анағұрлым еркін болғанын айтқан жөн. Олар жүздерін жамылғылармен бүркемей, ашық өмір сүрген. Дегенмен, қазақ әйелдері үшін басты міндет – отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады.

Түйгені көп шешесі қызымен, келінімен өмір тәжірибелерін бөлісіп, болашақ үлкен өмірге дайындайды. Туыс ағайындардың әйелдері – абысындардың қарым-қатынасы өзара көмек пен түсіністікке, берекеге құрылады. Сондықтан да, «Абысын тату болса, ас көп, ағайын тату болса, ат көп», - деген.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазаққа біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», - деп мадақтайды.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Билік, батырлық, әншілік, серілік, мергендік, аңшылық, зергерлік сияқты ата-баба өнерін жеті атасына дейін жалғастырған әулеттер қазір де баршылық.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейтін қазақ қыз балаларының тәрбиесіне аса үлкен назар аударды. Кәмелетке толғанға дейін бойжеткен болашақ отбасы өмірінің басты міндеттерінен сабақ алды. Ол ерінің адал жары, ана болу, отбасы беріктігін сақтаушы қызметіне, шаруашылықтың барлық жақтарын игеріп жүргізуге, қонақты лайықты қарсы алуға, туыстарын сыйлап қадірлеуге дайындық тәрбиесі. Көргенді отбасылары қыз баланы «қонақ» деп мәпелеп, қадірлеп өсірген. Қыз баланың тәрбиесіне ең бірінші анасы жауапты болған. Сондықтан қазақ «Шешесіне қарап қызын ал» – деген.

Ұзатылып келген қалыңдық үйлену тойының ертеңінде бүкіл ру, әулет, ауылға келін болып саналады. Өзі аттаған босағасының, рудың адамы санатына қосылып кетеді. Қазақ жақсы келінді қызынан кем көрмеген. Қазақ дәстүрінде үлкеннің атын атамай, тіріде өзін, өлгенде аруағын құрметтеу – жақсы келіннің әдептілігі мен тәрбиелілігінің айғағы. Тұрмыстағы көргені мен түйгені, ақылдылығы, парасатты келінді есейе келе, ауыл-үй құлақ салып ақылдасатын ана дәрежесіне көтереді. Қызына құда түсіп, айттырған күннен бастап жігіт қыз ауылы үшін күйеу атанып кете барады. Күйеу қайын жұртында төрге шықпайды, оған сыбағалы асы деп асықты жілік пен төс тартылады. Әрине, жасы егделеген сайын, күйеудің әлеуметтік мәртебесі де жоғарылайтыны белгілі. «Күйеу қартайса құда болады» сөзі осы уақыт аралығында күйеу жақтан әлденеше қыз алысып, қыз беріскендігін, күйеудің де беделді адам бола бастағандығын айғақтаса керек. Қазақтың «Күйеуді қызым үшін сыйлаймын» деген сөзінде де үлкен мән бар.

Ә.СҰЛТАНОВ

ҒАЛАМНЫҢ ЖҰМБАҚ СЫРЛАРЫ

“АУДАН ТЫНЫСЫ” ұжымы

Қазақтың XV ғасырдағы дала жиһангері атанған, ұлы ғұлама, қарауызген шипагер Өтейбойдақ баба әрбіріміздің жеке жұлдызымызда өмірлік тағдырымыз немесе «Маңдайдағы үш әріп» жазулы екенін ескертеді. Сонымен бірге «Пенделік жеке жұлдыздар» сегіз түрлі болатынын дәлелдеген. Олар: Оң иық жұлдыздар, Оңдық жұлдыздар, Оң маңдай жұлдыздар, Құбыла маңдай жұлдыздар, Сол маңдай жұлдыздар, Солдық жұлдыздар, Сол иық жұлдыздар, Шүйде жұлдыздар.

Өтейбойдақ бабамен қатарлас өмір сүрген, аты әлемге мәшһүр ғұлама ғалым, мемлекет басшысы, жұлдызшы Ұлықбек болды. Ұлықбектің азан шақырып қойған аты – Мұхаммед Тарағай (1394-25.Х.1449). Ұлықбек төрт жасынан атасы Ақсақ Темірдің бақылауында болып, жаугерлік шайқаста он жасқа дейін бірге болды. Ол Ақсақ Темірдің баласы Шахрухтың жеті баласының үлкені еді. Ұлықбек он жасында Түрік сұлтанының елшісі болса, он бес жасында Семізкенттің (Самарқан) тағына отырып, оны қырық жыл басқарды. Өмірінің соңғы ширек ғасырын ол жұлдыздарды анықтауға арнады. Ұлықбектің Самарқандағы ғылыми обсерваториясын 1908-1922 жылдардағы қазба жұмыстары кезінде тауып, зерттеп, кейін Өзбекстан елі оны бұрынғы қалпына қарап жөндеп, мұражай жасады. Обсерватория биік төбеге орналасқан. Төменнен төбеге қарай көтерілу үшін 36 баспалдақ жасалған. Ұлықбек төменнен жоғарыға әр баспалдақпен өрлей отырып, өзінің қолдан жарты шар тәрізді ағаштан иген аспабымен жұлдыздарды бақылаған. Сөйтіп Ұлықбек Евклид пен Птолемей дәуірінен кейінгі аспан әлемін зерттеген бір ғана адам болып тарихта қалды. Геометрияда – Евклидке, ал астрономияда Птолемейге бара-бар ғалым Ұлықбек болды. Ұлықбек бір жылды 365 күн 6 сағат 9 минут 15 секундтан тұрады деп тұжырымдады. Оның уақытты есептеу дәлдігінің қазіргі космостық анықтау дәлдігінен бір екі секундтық айырмашылығы бар. Ұлықбек өзінің көмекшілері Қазин-Заде, Руми, Ғиясуддин Жәмшид, Мәулен Қашани, Әли Құбшымен бірге “ке-те” арқылы аспандағы 1018 жұлдыздың орналасуы мен қозғалысын анықтады. Болашаққа жол ашты. Кейін Ұлықбектің “Жұлдыздар кестесін” Н.Коперник, Д.Бруно, Г.Галилей, И.Кефлер және тағы басқалар пайдаланып, өз ілімдерін дамытты.

Ұлықбектің "Жұлдыздар кестесі" еңбегі Еуропа елінің назарына ілінді. 1665 жылы Оксфордта, 1843 жылы Лондонда басылып шыққан Ұлықбектің "Жұлдыздар кестесі" еңбегі Азиядан шыққан ұлы астрономды әлем ғылымы алдында абыройға бөледі. Ұлықбек бұл жетістікке жетуде өзі ұстаз санайтын Омар Хаам, Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли Ибн-Сина, Әбу Райхан Бируни еңбектеріне құрметпен қарап, өзінің ұлы мақсатына жетуіне пайдалана білді. Қысқасы, ғұлама жұлдызшы Ұлықбек өз баласы Әбдуллатифтен жеңіліс тауып, тағын оған берген соң Меккеге мінізжат етуге қажылыққа аттанады. Ұлықбек пен үлкен ұлы Әбдуллатиф ортасына от салған Қожа Ақырар (Мәуренахр) мен Шайхулислам Бағауддин Омар (Қорасан) бастаған жалдамалылар орта жолда Ұлықбекті өлтіреді. Сол замандағы кейбір бас кесерлерді бүгінде "әулие" деп жүргендерге таң қаласын? Шындық бәрібір жеңеді.

Бір заманда өскен, бірі Самарқанда, екіншісі Жетісу өлкесі Шалқөденің Айғайтасында туып, қатарласа ғылымға үлес қосқан Өтейбойдақ пен Ұлықбектің ғылыми жұлдызнамаларының дәлдігі бізге де, келешек ұрпаққа да үлгі бола бермек. Жұлдызшы ол болашақты болжаушы ғана емес. Ол құбылыстарға, өзгерістерге дер кезінде баға беруші де. Жұлдызшының айтқандары дәл келмеуі де мүмкін. "Жалған көріпкелдер" сияқты жалған жұлдызшылар барын да білген жөн. Қазір елдің көбі апталық, жылдық "Жұлдыз-жорамалға" қарап, жұмыстарын бастап, тағдырын болжайтынды шығарды. Бұл нақты емес. Көбі сәйкес келмейді. "Жұлдыз-жорамалды" құрастырған да "Жұлдызшы" емес, жай еріккендер. Олар мықты болса, осы жорамалы арқылы неге табысқа жетпейді? Ешқайсысы да айта алмайды. Бұл босқа басынды қатырып, "мәдениетті сикырлаудың" түрі ғана.

Қазір әлемді таңғалдырып жүрген біздің бабаларымыз Ұлықбек пен Өтейбойдақтан кейін туған француздың көріпкел-жұлдызшысы Мишель де Нострадамус болса, ол өзінің көз алдындағыны трансқа ену арқылы болжап жазды. Ал жұлдызшы ретінде Нострадамус болашаққа дәлдік берген емес. Көріпкелдігі арқасында Нострадамус болашақты болжай білді. Осыдан-ақ, Азия мен Қазақстанда «Жұлдызнама» ілімі Еуропа мен басқа елдерден бұрын дамығанын білеміз.

Халқымыз жыл қайыру, жыл басы, апта аттары, ай аттары, мүшел жас деген атауларға ежелден көңіл бөлді. Сөйтіп, осы атауларға өзіндік ұлттық атауларын бекітті. Бұл жөнінде XV ғасырда жазылған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» кітабы толық жауап береді.

Қазақта жыл басы Наурыз айының 22-нен басталады. Он екі жыл бір айналғанда бір мүшел толады. Жыл қайырудың он екі атауы бар. Жыл басы – Тышқан. Енді осы кестенің көне және жаңа атауына мән берейік.

1. ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

Өтейбойдақша көне тілде аталуы. Қазақша қазіргі атауы.

1. Сумақты	Тышқан	7. Иртек	Ұлу
2. Маңғаз	Сиыр	8. Шопан	Қой
3. Айбар	Барыс	9. Мешін	Мешін
4. Секем	Қоян	10. Айтақ	Ит
5. Суман	Жылан	11. Шақырауық	Тауық
6. Тұлпар	Жылқы	12. Қорысқы	Доңыз

II. Жыл аты

<i>1. Тышқан</i>	1876	1888	1900	1912	1924	1936
1948	1960	1972	1984	1996	2008	2020
<i>2. Сиыр</i>	1877	1889	1901	1913	1925	1937
1961	1973	1985	1997	2009	2021	
<i>3. Барыс</i>	1878	1890	1902	1914	1926	1938
1962	1974	1986	1998	2010	2022	
<i>4. Қоян</i>	1879	1891	1903	1915	1927	1939
1963	1975	1987	1999	2011	2023	

5. Ұлу	1880	1892	1904	1916	1928	9. Мешін	1884	1896	1908	1920	1932
1940	1952	1964	1976	1988	2000	1944	1956	1968	1980	1992	2004
2012	2024					2016	2028				
<i>6. Жылан</i>		1881	1893	1905	1917	10. Тауық		1885	1897	1909	1921
1929	1941	1953	1965	1977	1989	1933	1945	1957	1969	1981	1993
2001	2013	2025				2005	2017	2029			
<i>7. Жылқы</i>		1882	1894	1906	1918	11. Ит	1886	1898	1910	1922	1934
1930	1942	1954	1966	1978	1990	1946	1958	1970	1982	1994	2006
2002	2014	2026				2018	2030				
<i>8. Қой</i>	1883	1895	1907	1919	1931	12. Доңыз		1887	1899	1911	1923
1943	1955	1967	1979	1991	2003	1935	1947	1959	1971	1983	1995
2015	2027					2007	2019	2031			

Міне жыл аттары және оны қайыру кестесіне қарасақ ата-бабаларымыз бір халал мен бір харамнан жыл атауларын теңестіргенін көреміз. Ертедегі ата-бабаларымыз туған жылына, айына, күніне, мезгіліне (тәуліктік) қарай, жаңа туған баланың мінез-күлқын, кім болатынын, оның қандай азаматтық борыш атқаратынына дейін біліп болжаған.

Мәселен, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы пенделік тіршілік жұлдызы мынандай сипаттама беретінін ескертеді.

Тақ жылдың тақ айының тақ күні туылғандар жұлдызы құбылада – маңдай жұлдызы;

Жұп жылдың жұп айының жұп күні туылғандар жұлдызы артта – шүйде жұлдызы;

Тумақ ай туғаннан он бесіне толғанға дейінгі жұп жыл, жұп ай, жұп күнде туылғандар жұлдызы – солдық немесе сол иық жұлдызы;

Тумақ айдың он бесіне толғанға дейінгі тақ жыл, тақ ай, тақ күні туылғандар жұлдызы – оңдық немесе оң иық жұлдызы;

Дөңгелек айдың кішіреюіне байланысты ай соңына дейін тақ жыл, тақ ай, тақ күні туылғандар жұлдызы – құбыла немесе оң маңдай жұлдызы болмақ.

Он маңдай жұлдызы оразды, жиырлы болмақ. Артынша, сол маңдай жұлдызы кезігулірек болмақ.

Тумақ айдың тақ жыл, тақ ай, тақ күні он бесіне толғанда туылғандар ең бақытты, дәулетті болып, ел билемек. Артынша, туылғандар өте нашарлау болмақ.

Маңдай жұлдыздар мен шүйде жұлдыздардың еркегі болсын, ұрғашысы болсын, еркегі мен еркегі болсын, ұрғашысы мен ұрғашысы болсын, үлкені мен кішісі болсын бір-біріне өле-өлгенше өш, қас болмақ. Өштігі өз түбіне жетпек!

Маңдай жұлдыздары мен оң маңдай жұлдыздылардың сыйластық, сырластықтығы күшті, бірі үшін бірі өлуге пейіл, тіпті бірінің жолында бірі өледі. Тірі жүрсе ел ауызына ілінерлік жарасым таппақ.

Шүйде жұлдыз бен оң иық жұлдыздылардың сыйласым, сырласымдылығы жақсы болса да, маңдай жұлдыз бен оң маңдай жұлдыздыларға жетіңкіремейді.

Оң жұлдыздар мен сол жұлдыздылардың сырласым, сыйласымы жарастық таппайды. Кереге басы пәле болумен өмірлері өтпек. Бірақ, бір-біріне қастық жасауы, жасамауы аздау болмақ.

Маңдай жұлдыздар мен сол маңдай жұлдыздылардың сырласым, сыйластығы жақсы болса да, кикілжіңсіз өтпейтіні кемде-кем болмақ.

Шүйде жұлдыздылар мен сол иық жұлдыздылардың отасымдылығы жақсы деуге болмайды.

Аралық жұлдыздылар отасымдылық, сырластық, сыйластық, шығысымдылық құбылмалылығы мол, арпалыстық бас қатырымдылығы өзгер-мелі, қыйкылжымалы болмақ.

Міне, осыдан үнемі айтатын "Жұлдызы қарсы" деген халықтың даналық сөзі пайда болған. Әсіресе бұл шартты алғаш үй болатын жас жанұялар білген шарт болмақ.

Көбінесе жанұя тұрақсыздығы осы жеке жұлдыздарын білмей қосылғандықтан болады.

Әрқашанда оң жұлдыз адамдар

бақытты болады. Барлық ісі алға ба-сады.

Маңдай жұлдыздылардың өзара ұштаспалылығы күшті, алдыңғы өмірі ойпыл-тойпыл, өмірінің соңғы кезінде Пайғамбар жасынан кейін өте-мөте бағы жанады.

Шүйде жұлдыздылар бейнетті де, азапты да көп тартады.

Сол иық жұлдыздылардың сорлауы да тез, бағы жануы да оңай, аумалы-төкпелі жағдайда болмақ.

Күндіз дәл түсте туылған кімде-кім болса да ел билейді. Қара кылды қақ жаратын әділ болмақ. Майқы би осы уақытта туылыпты.

Әр адамның нақ туылған уақытын білмесе (мезгілдік) оны былай анықтайды. Жазда таңертең құбылаға қарап тік тұрғанда, көлеңкесі табан айналасынан қарыстан аспаған болуы, қыста бітістік жарымнан, көктем мен күзде тұлғаның үштен бірінен аспаған болуы шарт.

Енді кімде-кім өзін жылдың қай мезгілінде туылғанын білемін десе, көрсеткен нұсқауға сай өзін-өзі анықтай алады. Енді тәуліктік мезгіл бойынша туылғандарға Өтейбойдақ баба былай анықтама береді. Таңертең күнмен таласып туылса, ғұмыры ұзақ болмақ. Алла біледі. Намазшамнан бұрын туылса жетімдік бейнетін көп тартады, опасыз, кекшіл болмақ. Түн ортасынан аса туса, ғұмыры қысқалау болмақ.

Әр адамның жұлдызы оның денсаулығының, реңінің және мінез-күлқының өлшемі болып табылады. Мәселен, шүйде жұлдыздылар ұстамалы және созылмалы науқасқа кіріптар болмақ. Кеудеден ауыр науқас жабыспақ. Бұл екеуі де сырқаттық бейнетке шыдамсыз, уайымшыл болмақ.

Оң жұлдыздар көбінесе ішкі және жүрек ауруына көбірек кіріптар болмақ.

Сол жұлдыздар тоңғыш, мұздағыш, ұзын бойлы, тамақсау, сырқатқа шыдамды келеді бірақ өлместікпен өзінің өлгенін жаны мұрнының ұшына келгенде сезбек. Осы шартты әр адам білген абзал. Оның өзіңіз үшін қажеттігін білген жөн.

Жұлдызына қарай тамыр соғуын, сол арқылы науқастың да жұлдызын тамырға жүрік шипагер нақ тапқан. Ал жұлдызыңыздың тағы бір белгісі тұлғалық бітімге қарай болады.

Мәселен:

Оң маңдай жұлдыздылар қызыл шырайлы, етженді келмек. Біздің "Сызданғыш", тәкаппар жан дейтініміз, міне, осындай жұлдыздылар болмақ. Шүйде жұлдыздылар ақ құбаша, қара сұр келмек. Көп сөзді жаны сүймейтін болмақ. Кейбіреулері төтенше суырылған сөзуар, сөзшең келмек.

Оң жұлдыздылар қара торы, уайымшыл, қорқақ, көзі үлкен, ойы жинақы, іске қунақы, өзіне-өзі мықты, бірақ қытықшыл болмақ.

Сол жұлдыздылар шикіл сары, тез арып, тез семіретін, қызылаш, тер-шең, көп жөтелгіш, тершен келмек.

Тағы да сырқатқа байланысты: оң маңдай жұлдыздылар сырқатқа төзімді, ойламайтын, қорықпайтын тәуекелге бел байламы тез болмақ.

Сол маңдай аралық жұлдыздылар сырқаттан қорқатын, шошитын, үрейі ұшатын уайымшыл, науқасын тез сезгіш, тамырын ұстауға құмар, шипа емге құштар келеді.

Сол иық аралық жұлдыздылар өте қызғанғыш (сенім-сіздеу) келеді. Олар науқас болғанда тамырын ұстатқанымен сеніңкіремейді. Емге де, айтқанға да

